

"Қазақтелеком" акционерлік қоғамын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 19 мамырдағы N 479 Қаулысы

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабының 4-тармағына сәйкес және "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарларын әзірлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 маусымдағы N 647 қаулысын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Қазақтелеком" акционерлік қоғамын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысы А.А.Тілеубердинге жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 1 9 м а м ы р д а ғ ы

N 4 7 9 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

"Қазақтелеком" акционерлік қоғамын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған жоспары

1-бөлім. Ұлттық компанияның жай-күйі және даму перспективалары туралы баяндама

1. Кіріспе

"Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясы Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына кең көлемдегі байланыс қызметін ұсынатын, ұлттық ауқымда құрылатын акционерлік қоғамның жарғылық қорына мемлекеттік өңірлік және мамандандырылған телекоммуникация кәсіпорындарының мүлкін беру жолымен "Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясын (бұдан әрі - "Қазақтелеком" ҰАК) құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 17 маусымдағы N 666 қаулысына

с ә й к е с

қ ұ р ы л д ы .

1996 жылғы наурызда мөлшері 12,1 млрд. теңгені құраған жарғылық қор шамасында акциялардың бастапқы эмиссиясы тіркелді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің талаптарына сәйкес "Қазақтелеком" ҰАК Жарғысына өзгерістер енгізілді, Қазақстан Республикасының әділет органдары "Қазақтелеком" ҰАК "Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамын қайта тіркеуден (заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы 1997 жылғы 20 ақпандағы сериясы А N 0 8 4 2 5 6 к у ә л і г і) ө т к і з д і .

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңына сәйкес акционерлік қоғамға (бұдан әрі - "Қазақтелеком" АҚ немесе Қоғам) қайта тіркеу жүргізілді. Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы 2004 ж ы л ғ ы 1 с ә у і р д е г і N 6924-1901-АҚ куәлікті Астана қаласының Әділет департаменті берді.

"Қазақтелеком" АҚ-тың мақсаты:

Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жеке және заңды тұлғаларға байланыстың жалпыға бірдей қол жетімді қызметтерін ұсыну; экономиканың барлық субъектілерінің, қоғамның және Қазақстанның мемлекеттік билік органдарының ақпарат алмасудағы қажеттіліктерін қазіргі заманғы телекоммуникациялық технологиялар негізінде қанағаттандыру.

"Қазақтелеком" АҚ мынадай негізгі қызметтерді көрсетеді:
жергілікті, қалааралық, халықаралық телефон байланысы;
телеграф, телекс, деректер беру;
спутниктік байланыс;
сым арқылы радиохабар тарату;
байланыс арналарын жалға беру.

"Қазақтелеком" АҚ жарғылық капиталының мөлшері бір акция үшін әрқайсысының номиналы 1000 теңге болатын 10 922 876 жай акцияларды (дауыс беретін) және 1 213 653 дауыс бермейтін артықшылықты акцияларды құрайды.

Дауыс беру құқығынсыз артықшылықты акциялардың үлесі жарғылық қордың 10 пайызын құрайды. Артықшылықты акцияларға иелік ететін акционерлердің дивидендтер алу және Қоғамды тарату кезінде артықшылықтары бар.

Акциялардың мемлекеттік пакеті 50 пайызды құрайды, Central Asian Industrial Investments Holding N.V. акциялардың 30 пайызына иелік етеді, акциялардың 10 пайызы The Bank of New York, AIG Silk Road Fund Limited, Бителеком жекеменшік компанияларының иелігінде.

"Қазақтелеком" АҚ - өз құрамында мынадай оқшауланған құрылымдық бөлімшелері (филиалдары), орталықтандырылған басқаруы бар заңды тұлға:

14 облыстық телекоммуникация дирекциялары;
"Астанателеком" қалалық телекоммуникация орталығы;

"Алматытелеком" қалалық телекоммуникация орталығы;
Корпоративтік сату дирекциясы;
"Алыспен байланыс" бірлестігі;
Радиоландыру орталығы;
Радиотехникалық бірлестік;

Телекоммуникация және инфрақұрылым объектілерінің құрылысы жөніндегі
д и р е к ц и я ;

Пайдалану-шаруашылық бірлестігі;
"Телеком-комплект" дирекциясы;

Мамандар біліктілігін арттыру орталығы;
Магистральдық байланыс желілері мен теледидардың N 4 техникалық торабы;
Магистральдық байланыс желілері мен теледидардың N 13 техникалық торабы;

"Қазақтелеком" АҚ-тың Мәскеу қаласындағы өкілдігі.

"Қазақтелеком" АҚ "Алтел" АҚ-тың 50 % акциясын иеленеді, "GSM Қазақстан"
Қазақтелеком" АҚ" ЖШС-нда 49 % үлестік қатысы бар, "Нұрсат" ЖАҚ-тың 41,25%
а к ц и я с ы н и е л е н е д і .

"Алтел" АҚ AMPS және CDMA стандартындағы ұялы байланыс операторы болып
табылады. "Қазақтелеком" АҚ GSM Қазақстан" ЖШС GSM стандартының ұялы
байланыс қызметін ұсынады. "Нұрсат" ЖАҚ деректер беру желісі рыногында қызмет
ұ с ы н у м е н а й н а л ы с а д ы .

Корпоративтік басқарудың жаңа үлгісі акционерлік қоғам болып қайта құрылумен
бір мезгілде енгізілген болатын, соның нәтижесінде "Қазақтелеком" АҚ-ты басқаруды
мынадай негізгі үш орган жүзеге асырады:

Жоғары орган - Акционерлердің жалпы жиналысы;
Басқару органы - Директорлар кеңесі;

Алқалық Атқарушы орган - Басқарма.

"ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ" АҚ ОРТАЛЫҚ АППАРАТЫНЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ШТАТ САНЫ

Кестені қағаз мәтіннен қараңыз

Корпоративтік басқарудың басты функциясы "Қазақтелеком" АҚ жұмысын
тұтастай алғанда акционерлер мен қоғам мүддесіне ұйымдастырудан тұрады. "Қазақтелеком"
АҚ-тың жемісті қаржылық нәтижелері ағымдағы жұмыста да, еліміздің
әлеуметтік-экономикалық дамуын сипаттайтын макроэкономикалық көрсеткіштердің
әсерін ескере отырып, ішкі факторларды, телекоммуникация рыногын дамытудың
сыртқы үрдістерін талдау негізінде әзірленетін ұзақ мерзімді стратегия мәселелерінде
де дер кезінде қабылданған шешімдермен негізделеді.

Озық ақпараттық технологияларды пайдалануға негізделген шоғырландырылған

есептіліктің болуы қаржы тәртібін арттыруға, тұтастай бүкіл "Қазақтелеком" АҚ сияқты, оның әрбір филиалының да қызметінің шынайы бейнесін назарда ұстауға, қаражатты дамудың перспективалық бағыттарына инвестициялауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

"Қазақтелеком" АҚ-ты стратегиялық басқару барлық мынадай ресурстарды: материалдық, қаржылық, еңбек ресурстарын, озық технологияларды тиімді бөлу мен пайдалануды және соның негізінде рыноктағы, бәсекелестік ортадағы тұрақты жағдайды қамтамасыз етеді.

2. Қызмет саласы рыногын талдау

"Қазақтелеком" АҚ-тың бағалауы бойынша, 2003 жылы телекоммуникация қызметтерінің қазақстандық рыногының көлемі 2002 жылмен салыстырғанда 25 % өсті және 110 млрд. теңгеден асты. Рынок құрылымының өзгеруі үлес салмағы телекоммуникация рыногы көлемінің 30 % құрайтын ұялы байланыс рыногы үлесінің өсуі есебінен болып отыр. Қалааралық байланыс 20 % құрайды, оның үлесінің осы деңгейде сақталуына көбінесе ұялы желілерге өсе түскен трафик маңызы ықпал етуде. ТМД-ға шығатын халықаралық сөйлесулер үлесі 10 % құрайды. Барлық қызмет түрлері көлемінің өсуі фонында алыс шетелдерге қызметтер үлесі қысқарып, 6 % құрады. Жергілікті желілер қызметтері үлесі тұрақты күйінде қалып отыр, әрі 12 % құрайды. Деректер беру қызметінің үлесі жыл сайын артуда және 2003 жылы 7 % құрады.

"Қазақтелеком" АҚ-тың телекоммуникация рыногындағы үлесі 2003 жылы көп өзгерістерге ұшыраған жоқ және орта есеппен 56 % құрады.

2003 жылы "Қазақтелеком" АҚ-тың жергілікті байланыс рыногындағы үлесі 80 %, қалааралық байланыс 92 %, ТМД елдерімен халықаралық байланыс 94 %, алыс шетелдермен байланыс 80 % болып бағаланды. "Қазақтелеком" АҚ-тың деректер беру және Интернет желісі рыногындағы үлесін бағалау 47 % құрайды.

Рыноктағы жоғарғы үлестер көбінесе тарихи қалыптасқан клиенттік базаның болуымен түсіндіріледі. Кейбір жергілікті рынокта және корпоративтік клиенттер рыногында "Қазақтелеком" АҚ-тың үлесі анағұрлым төмен.

"Қазақтелеком" АҚ-тың жергілікті байланыс рыногындағы кірістері үлесінің біршама азаюы байқалуда. Бұған абоненттері кірісі жоғары бизнес-клиенттер болып табылатын Алматы қ. (DUCAT) және Ақтөбе ("СВИМ" ЖШС), Маңғыстау ("Каскортелеком" АҚ), Атырау ("KazTransCom" АҚ) облыстарындағы жергілікті рыноктағы бөгде операторлармен жергілікті желілер рыногының дамытылуы себеп болып отыр.

Еліміздің телекоммуникация рыногында кейбір өңірлерде "Қазақтелеком" АҚ желісімен қатарлас жерүсті желілері бар ірі оператор KazTransCom қызметін жүзеге асырады.

"Қазақтелеком" АҚ-тың тәуекелі бәсекелестер желілерінің, әсіресе жерүсті желілерінің дамуына, олардың корпоративті клиенттер және жеке тұлғалар рыногындағы белсенді қызметіне, ұялы байланыстың дамуына, телекоммуникация рыногын ырықтандыру процесімен байланысты реттеуші органдардың іс-шараларына к е л і п т і р е л е д і .

"Қазақтелеком" АҚ-тың бәсекелестік ортасы барлық бәсекелестердің рынокты белсенді түрде жаулап алу стратегиясын ұстанғандықтан жеткілікті түрде қатқылдау.

"Қазақтелеком" АҚ-тың негізі бәсекелестері

Қызметтер түрі	Операторлар
Жергілікті телефон байланысы	KazTransCom, Транстелеком, Қазаэронавигация, Арна, Каскортелеком, Мұнайтелеком, СВИМ
Қалааралық, халықаралық байланыс, арналарды жалдау және спутниктік байланыстың бөлінген желілерінің қызметтері	ASTEL, Нұрсат, Ratel, KazTransCom, TNS-plus, Қазинформтелеком, Кателко
Деректер беру және арналарды жалдау	Нұрсат, ASTEL, KazTransCom, TNS-plus, Кателко, Қазинформтелеком, Golden Telecom, DUCAT

Ұялы байланысты дамыту оны "Қазақтелеком" АҚ-тың жергілікті және қалааралық байланыс қызметін ауыстырушы қызмет ретінде көрінуіне мәжбүрлейді: ұтқыр абоненттер саны тіркелген абоненттер санына жақындап келеді, ұялы желілер ішіндегі трафиктің өсу қарқыны дәстүрлі трафиктің өсімінен едәуір алда келеді, қалааралық т р а ф и к т ің о р н ы н а л м а с т ы р а д ы .

Қалалық жерлерде де, селолық жерлерде де "Қазақтелеком" АҚ-тың қызметін тұтынушылар заңды және жеке тұлғалар болып табылады.

3. 2002-2004 жылдардағы өндірістік-қаржылық қызметті талдау

1. 2002 жылдың қорытындылары

2002 жылы "Қазақтелеком" АҚ-ты серпінді дамыту жөніндегі оң үрдістер нығайтылды. Көптеген жоспарланған өндірістік және қаржылық көрсеткіштер а р т ы ғ ы м е н о р ы н д а л д ы .

2002 жылы Ұлттық ақпараттық супермагистральдың (бұдан әрі - ҰАСМ) Шығыс тармағының құрылысын салу басталды. Трассаның ұзындығы 2400 км құрайды. Талшықты-оптикалық байланыс жүйесіне (бұдан әрі - ТОБЖ) 6 облыс орталығы және облыстық бағыныстағы 29 қала қосылатын болады. Шығыс тармағының салынуы трансұлттық транзитті ұйымдастыруға және екі қаланың - Астана және Алматының (еліміздің солтүстігі мен оңтүстігін) ХКО-ларын цифрлы ағымдармен байланыстыруға

мүмкіндік береді. Бұл ұлттық телекоммуникация желілерінің және халықаралық байланыстың тұрақты жұмысын ұйымдастыру үшін өте маңызды.

Жергілікті желілерді жаңғырту жұмыстары жалғастырылды. Облыс орталықтарында және облыстық бағыныстағы қалаларда жалпы сыйымдылығы 134223 нөмірлі цифрлы автоматты телефон станциялары (бұдан әрі - АТС) орнатылды.

Қалалық телефон станцияларында (бұдан әрі - ҚТС) 67147 нөмірге арналған цифрлы АТС тәжірибелік пайдалануға енгізілді. Қалалық телефон станцияларында 39564 нөмірге, аймақтық желіде - 27512 нөмірге арналған цифрлы АТС-тар іске қосылды.

	нөмірлер
Жалпы монтаждalған сыйымдылық	2 398 359
оның ішінде цифрлы	1 055 145
ҚТС-тың монтаждalған сыйымдылығы	1 927 557
оның ішінде цифрлы	995 985
Селолық телефон станцияларының (бұдан әрі - СТС) монтаждalған сыйымдылығы	470 802
оның ішінде цифрлы	59 160
Жалпы іске қосылған сыйымдылық	2 093 770
оның ішінде цифрлы	949 562
ҚТС-тың іске қосылған сыйымдылығы	1 728 225
оның ішінде цифрлы	896 433
СТС-тың іске қосылған сыйымдылығы	365 545
оның ішінде цифрлы	53 129

2003 жылғы 1 қаңтарға НТА саны 2081858 нөмірді (2001 жылмен салыстырғанда 6,8 % өсім), оның ішінде ҚТС бойынша - 1 716 879 нөмірді (5,5 % өсім), СТС бойынша - 364 979 нөмірді (12,9% өсім) құрады.

Қазақстан Республикасы бойынша телефон тығыздығы 100 тұрғынға шаққанда 14 нөмірді, оның ішінде ҚТС бойынша - 20,4 нөмірді және СТС бойынша - 5,7 нөмірді құрады.

2002 жылы желілі шаруашылықты кеңейте отырып координатты станцияларды М-200 үлгісіндегі цифрлы станцияларға ауыстыру жолымен 56 ауылдық АТС жаңғыртылды. Сөйтіп, ауылдағы цифрлы станциялардың жалпы саны өткен жылмен салыстырғанда 2 есеге көбейді.

Шағын жаңғырту құралдарымен толықтай жабдықтау жолымен АТСК-50/200 үлгісіндегі ауылдық АТС-тың 351 абонентінің қалааралық желіге шығуы қосымша қамтамасыз етілді.

DAMA (Demand Assigned Multiple Access) талабы бойынша арналар ұсына отырып көпстанциялық қол жеткізу технологиясы бойынша ауылдық және қатынауы қиын аудандар үшін байланыстың спутниктік желісінің құрылысы жалғастырылды. 2002 жылы 30 DAMA станциясы монтажданды. Спутниктік желінің жалпы сыйымдылығы 2004 жылғы 01 қаңтарға 230 станцияны құрады, оның ішінде 195 шалғайдағы ауылдық елді мекендерге тиесілі.

2002 жылы "Қазақтелеком" АҚ уақыт бойынша есептеуді жаппай енгізу жөніндегі жұмыстарды жалғастырды. Тараз, Өскемен, Орал, Павлодар, Ақтау, Петропавл, Атырау, Қостанай және Көкшетау қалаларындағы ұқсас АТС-тың уақыт бойынша есептеу жабдықтары тәжірибелік пайдалануға қабылданып алынды.

2002 жылы өнімдерді сатудан түскен кіріс 56804,4 млн. теңге сомасында немесе жоспардың 105,6 % болып есептелді. 2001 жылмен салыстырғанда 23,8 % өсіммен жоспардан тыс 3 027,6 млн. теңге алынды. Кірістер жоспары өткен жылғыдан да арта түсіп, телекоммуникация қызметтерінің барлық түрлері бойынша қамтамасыз етілді.

Кірістер құрылымындағы ең көп үлесті қалааралық және халықаралық телефон байланысы алады - 63%. Осы қызметтер түрі бойынша жоспардың артық орындалуы 7,5%-ға немесе 2001 жылмен салыстырғанда 24,7 % өсіммен 2 493,6 млн. теңгеге қамтамасыз етілді.

Жергілікті телефон байланысы бойынша ұсынылған қызметтерден түскен кіріс көлемі жоспарға қарағанда 473,2 млн. теңгеге (104,5 %), желі абоненттерінің 1,8 есеге, телефон орнатудың 33,1%-ға өсімі бойынша жоспардың артығымен орындалуы есебінен ұлғайды. Кірістер өсімі 2001 жылға қарай 111,3 % құрады.

2002 жылы операциялық қызмет шығындары 43 951,4 млн. теңге сомасында есептелді, бұл жоспардағыдан 5,2 % артық.

Негізгі қызметтен түскен кіріс "Қазақтелеком" АҚ бойынша тұтастары алғанда 2001 жылғымен салыстырғанда 9,3 % өсіммен 12 852,9 млн. теңге сомасында есептелді.

Таза кіріс 2001 жылғымен салыстырғанда 40,6 % және жоспардан 40,9% жоғары өсіммен 12 147,2 млн. теңге сомасында алынды.

Бір жұмыс істеушіге шаққандағы кіріс 19,1 % ұлғайды және 1 764,5 мың теңгені құрады.

2002 жылы жұмыс істеушілердің орташа тізімдік саны 32193 адамды құрады және 2001 жылға қарағанда 3,3 % ұлғайды.

Орташа тізімдік сан ауылдық байланысты қалпына келтіру жөніндегі бағдарламаның іске асырылуына және өндірістің кеңеюіне (атап айтқанда, желілі-кәбілдік шаруашылыққа техникалық қызмет көрсету, Батыс ТОБЖ-ның пайдалануға берілуі, сату орталықтарының кеңеюі) байланысты ұлғайды.

Негізгі реттелетін қызметтерге тарифтерді арттыру жүргізілген жоқ.

2002 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіне салық және

бюджетке төленетін басқа да төлемдер түрінде 13194,5 млн. теңге төленді, оның ішінде корпоративтік табыс салығы 2924,9 млн. теңгені, әлеуметтік салық - 2455,1 млн. теңгені, ҚҚС - 3830,1 млн. теңгені, Қазақстан Республикасы аумағына әкелінетін тауарларға ҚҚС - 1947,4 млн. теңгені құрады. Бұдан басқа, 2002 жылы 2001 жылғы қызмет қорытындысы бойынша акциялар мемлекеттік пакетіне дивидендтер 946,5 млн. теңге мөлшерінде бюджетке енгізілді.

2. 2003 жылдың қорытындылары

Ағымдағы кезеңде желіде 191780 НТА орнату жұмысы жүргізілді, оның ішінде ҚТС - 132714, СТС - 59066. НТА таза өсімі ағымдағы кезеңде 146388 бірлікті құрады, оның ішінде ҚТС - 102203, СТС бойынша - 44185.

"Қазақтелеком" АҚ өз қаражаты есебінен бұрын телефондандырылмаған 536 елді мекенді телефондандырды.

2003 жылдың аяғына қарай НТА саны 2 228 мың бірлікті құрады.

Смарт-карталарда жұмыс істейтін әмбебап таксофондар желісі 642 бірлікке кеңейді.

2003 жылы қалааралық, халықаралық телефон трафигі 1545,5 млн. минутты, оның ішінде мынадай бағыттар бойынша: Қазақстан Республикасы - 1418,5 млн. минутты (ұялы байланыс операторларына 271,3 млн. минут трафигін қоса алғанда), ТМД мемлекеттері бойынша - 113,9 млн. минутты, алыс шетелдер бойынша - 13 млн. минутты құрады.

2003 жылы телеграф трафигі 532 мың бірлікті құрады.

Негізгі қызметтен түсетін кіріс 65 880,6 млн. теңгені, оның ішінде қалааралық, халықаралық байланыс қызметтерінен түскен кіріс - 41 086,3 млн. теңгені, жергілікті байланыс қызметінен түскен кіріс - 11 731,5 млн. теңгені, деректер беру желісі қызметінен түскен кіріс - 2 667 млн. теңгені құрады.

Операциялық қызмет шығыстары 49 610,8 млн. теңге сомасын, оның ішінде өндірістік өзіндік құн бойынша - 37 940,7 млн. теңгені құрады.

Кезең шығыстары 11670,1 млн. теңгені, оның ішінде жалпы және әкімшілік шығыстар - 9 318,4 млн. теңгені құрады.

Жалпы табыс 2002 жылға қарағанда 18,8%-ға өсіп, 27 939,9 млн. теңгені құрады.

Таза кіріс мөлшері 17827,3 млн. теңгені, негізгі қызмет кірісіне қарағанда таза кіріс деңгейі 27% құрады.

Кірістер бойынша болжамдардың орындалуы кеңейтілген инвестициялық бағдарламаны жүзеге асыру нәтижесінде қамтамасыз етілді, оның көлемі 19088 млн. теңгені құрады.

Жезқазған - Жаркент, Атырау - Орал цифрлы радиорелелік желілердің құрылысын салу жүзеге асырылды. 2003 жылы Солтүстік ТОБЖ жобалауға дайындық бойынша

ж ұ м ы с т а р

ж ү р г і з і л д і .

2003 жылы 140 ауылдық ұқсас станцияларды цифрлық АТС-ке алмастыру жүргізілді. Ауданішілік қосылу желілерін цифрландыру 116 ауылдық елді мекендерді қамтыды. Шалғайдағы қатынауы қиын аудандарда 30 ДАМА станциясы орнатылды.

"Қазақтелеком" АҚ акционерлерінің 2003 жылы 16 мамырда өткен жалпы жиналысының шешіміне сәйкес 2002 жылдың қорытындылары бойынша дивидендтер мөлшері жай акциялар бойынша 3,24 млрд. теңгені, оның ішінде акциялардың мемлекеттік пакетіне 1,8 млрд. теңгені құрады. Осылайша, бір жай акцияға дивидендтер мөлшері 296,63 теңгені құрады.

2003 жылы мемлекеттік бюджетке төленген салық мөлшері 15,57 млрд.теңгені құрады, оның ішінде: ҚҚС - 6,28 млрд.теңге, корпоративтік табыс салығы - 3,92 млрд.теңге, әлеуметтік салық - 2,82 млрд.теңге, көлікке, жерге, мүлікке салық - 0,62 млрд.теңге, төлем көзінен алынатын табыс салығы - 1,43 млрд.теңге болды.

"Қазақтелеком" АҚ Жамбыл облысында болған жер сілкінісінен зардап шеккендерге көмек көрсету мақсатында 25 млн. теңге аударды. Жер сілкінісі салдарынан қираған телекоммуникация объектілерін қалпына келтіруге 141 млн.теңге көлемінде қаражат бөлінді. Қираған АТС ғимараттарының құрылысын салу және Қызылшаруа кенті мен Луговая станциясында жаңа цифрлық станциялар орнату жүргізілді, жаңа желілі-кабельдік шаруашылық құрылысын, оның ішінде "Луговая-Құлан станциясы" учаскесіндегі талшықты-оптикалық байланыстың қосылу желісін салу жүзеге асырылды. Аудан орталығы Құландағы АТС ғимараты күрделі жөндеуден өткізілді.

3. 2004 жылы күтілетін нәтижелер

Аудитке дейінгі нақтыланған деректер бойынша, НТА өсімі 145,5 мың телефонды құрады, оның ішінде 43,3 мың телефон ауылдық жерлерде, орнатылған НТА саны - 191,1 мың телефон, оның ішінде 51,9 мың телефон ауылдық жерлерде.

НТА-ның болуы 2004 жылдың аяғына қарай 2373,7 мың бірлікті құрады.

Аудитке дейінгі нақтыланған деректер бойынша, қалааралық және халықаралық телефон трафигі 1841,7 млн. минутты құрады.

Телеграф трафигі 480,3 мың бірлікті құрады.

Негізгі қызметтен түсетін кіріс, аудитке дейінгі нақтыланған деректер бойынша, 79886,6 млн. теңгені, оның ішінде қалааралық, халықаралық байланыс қызметтерінен түскен кіріс - 46636,2 млн.теңгені, жергілікті байланыс қызметтерінен түскен кіріс - 13710,5 млн.теңге, деректер беру желісі қызметтерінен түскен кіріс - 4206,5 млн. т е ң г е н і к ұ р а д ы .

Операциялық қызмет шығыстары 58620,1 млн. сомасындағы теңгені, оның ішінде, өндірістік өзіндік құн бойынша - 45464,9 млн. теңгені құрады.

Жалпы кіріс 34421,8 млн. теңгені құрады.

Кезең шығыстары 13155,3 млн. сомасындағы теңгені, оның ішінде жалпы және әкімшілік шығыстары - 11038,0 млн. теңгені құрады.

2003 жылмен салыстырғанда жалпы және әкімшілік шығыстар құрамындағы кейбір шығыстар баптарының өсімі мынадай себептерге негізделген:

"Материалдар" деген бап бойынша (24,9 % өсім) - электр энергиясына, жылуға, отынға және қосалқы бөлшектерге тарифтердің және бағаның өсуімен байланысты;

"Коммуналдық шығыстар" деген бап бойынша (27,1 %-ға) - коммуналдық қызметтерге (ыстық және суық сумен жабдықтау, лифт) тарифтің артуымен;

"Қызметкерлердің біліктілігін арттыруға арналған шығыстар" деген бап бойынша (40,3 %) - жаңа жоғары технологиялық жабдықтардың іске қосылуына байланысты жаңа оқыту бағдарламалары түрлерін іске асыру қажеттілігінен;

"Жалға алу бойынша шығыстар" деген бап бойынша (59,3 %) - жалға алып отырған үй-жайларға "Қазпочта" акционерлік қоғамының тариф ставкасын 1,9 есеге көтеруінен;

"Әлеуметтік салаға арналған шығыстар" деген бап бойынша (243,3 %) - Солтүстік Қазақстан облысындағы демалыс базасын ұстап тұрудан.

Жалақы қорының 2003 жылмен салыстырғанда 2004 жылы 16,9% өсуі кірістер бойынша жоспарды асыра орындауды ынталандыру үшін филиалдарға жоспарды артық орындаудан алынған қаражаттың бір бөлігін қызметкерлерді сыйақылауға жіберуге рұқсат берумен түсіндіріледі.

Бәсекелестікті дамыту, телекоммуникация желілерін цифрландыру, жабдықтардың, ақпараттық технологиялардың және бағдарламалық өнімдердің жаңа түрлерін енгізу аса жоғары білікті мамандарды тартуды және тиісті еңбек төлемін, сондай-ақ еңбек ресурстарын оңтайландыруды талап етеді.

Таза кіріс мөлшері, аудитке дейінгі нақтыланған деректер бойынша, 27086,7 млн. теңгені құрады, таза кіріс деңгейі негізгі қызметтен түсетін кіріске қарағанда 33,9 % ж е т к е н .

Кірістер бойынша болжамдардың орындалуы көлемі 16894,7 млн. теңгені құрайтын инвестициялық бағдарламаны іске асыру нәтижесінде қамтамасыз етілді.

2004 жылы Өскемен-Талдықорған учаскесіндегі Шығыс ТОБЖ үшінші сегментін пайдалануға беру жүзеге асырылды.

Атырау-Орал, Мақсат-Құлсары-Теніз цифрлы радиорелелік желілерін, Ақтөбе қаласындағы ХКО пайдалануға беру жүзеге асырылды. 2004 жылы Солтүстік ТОБЖ құрылысын салу басталды.

Жыл басынан бері селолық желілерде 16 ұқсас станцияларды цифрлы АТС-тарға жаңғырту жүргізілді, нәтижесінде селолық АТС-тарды цифрландыру пайызы 9,2-ден 9,7 - ге дейін өсті.

DAMA Ұлттық спутниктік желісінің құрылысын салу жалғастырылуда. Ағымдағы

жылы 18 станция орнатылды. Байланыс желісінің сыйымдылығы DAMA технологиясы бойынша 276 станцияны құрайды.

Шағын жаңғырту жабдықтарымен 174 селолық станция толықтай жабдықталды, бұл осы АТС абоненттеріне қалааралық желіге шығуға мүмкіндік берді.

Ағымдағы жылдың өткен кезеңінде "Қазақтелеком" АҚ өз қаражаты есебінен 277 селолық елді мекендерді телефондандырды.

Есеп беру кезеңінде "Алтел" АҚ және "Нұрсат" ЖАҚ дивидендтері қызметтің залалдылығына байланысты есептелген жоқ. 2002 жыл кезеңінен 2003 жылға дейінгі аралықта барлық таза табыс "Қазақтелеком" ААҚ "GSM Қазақстан" ЖШС" акционерлерінің шешімі бойынша инвестициялық дамытуға бағытталды, 2004 жылы "Қазақтелеком" АҚ "Қазақтелеком" ААҚ "GSM Қазақстан" ЖШС" 1330 млн. теңге мөлшерінде дивидендтер алынды.

Акционерлердің 2004 жылғы 23 сәуірдегі жылдық жалпы жиналысында 2003 жылдың қорытындылары бойынша 3438,5 млн. теңге көлемінде, оның ішінде акциялардың мемлекеттік пакеті - 1910,1 млн. теңге, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу жөнінде шешім қабылданды.

4. Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған индустриалды-инновациялық даму стратегиясына, мемлекеттік және салалық бағдарламаларға сәйкес "Қазақтелеком" АҚ өткізетін іс-шаралар

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған индустриалды-инновациялық даму стратегиясын орындау мақсатында "Қазақтелеком" АҚ жаңа телекоммуникациялық технологияларды енгізу бойынша жұмыстар жүргізуде, оның ішінде, Интернет және деректер беруді пайдаланушылар үшін бірнеше есе кеңейтілген мүмкіндік туғызатын кең жолақты байланысты дамытуға ерекше көңіл бөлініп отыр. Инфокоммуникациялық қызметтерді белсенді түрде дамыту болжанып отыр.

"Қазақтелеком" АҚ-тың ішкі және сыртқы бәсекелестікке төзімділігіне қол жеткізу үшін жаңа технологиялық идеялар мен жаналықтың тың түрлерін жасау және тез арада енгізуді қамтамасыз ететін жүйе құрмай мүмкін емес. "Қазақтелеком" АҚ қызметі үнемі жаңарту және ұсынылып отырған өнімді әртараптандыру, әртүрлі технологияларды бейімдеу негізінде Қазақстан Республикасының телекоммуникациялар секторын серпінді және жедел дамытуға басым ықпал етеді.

Озық телекоммуникациялық технологияларды пайдалануға негізделген, берілетін ақпараттың сапасына, сондай-ақ көрсетілетін қызметтер номенклатурасы бойынша да қойылатын әлемдік талаптарға жауап беретін телекоммуникацияның қазіргі заманғы

желісін салуға бағытталған, мультисервистік шешімдер негізінде телекоммуникацияның жергілікті желілерін жаңғырту және дамытудың барлық инвестициялық жобалары және ішкі аймақтық желілерді сатылы цифрландыру инновациялық сипатқа ие.

Соңғы уақыттағы ең жетекші үрдістердің бірі - арналарды коммутациялаудан пакеттерді коммутациялауға өте, нәтижесінде бірыңғай инфокоммуникациялық технологияларды жасай отырып телекоммуникациялық, ақпараттық-компьютерлік және медиялық технологияларды конвергенциялау болды. "Қазақтелеком" АҚ IP/MPLS (Internet Protocol/MultiProtocol Label Switching) инфрақұрылымында салынған жаңа технологиялар негізінде деректер берудің кең жолақты желісін дамыту және ISDN (Integrated Service Digital Networks), ADSL (Asymmetric Digital Subscribe Lines) қызметтерін интеграциялай отырып қол жеткізуді ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасының байланыс қызметі рыногын дамытуда үлкен болашағы бар "жаппай ADSL" қызметін іске асыруға кірісті.

Сонымен қатар, бұл инновациялық жоба деректер беру және телефония қызметтерін интеграциялай отырып желілер салудың басы, яғни, жаңа буын желісі - NGN (Next Generation Network) салу болып табылады. Жуырдағы болашақта Қазақстан Республикасының телекоммуникациялар рыногы бүкіл әлемдік телекоммуникациялық кешеннің бір бөлшегі ретінде пакетті технологиялар негізінде дауыс және деректер беру бойынша (VoIP) негізгі бейімдеу шешімдерінің ықпалымен дамитын болады. Бұл ретте, VoIP технологиясын пайдаланатын телефон қызметтерін көрсету сапасы, дәл TDM (Time Division Multiplex) технологиясын пайдаланғандай немесе онымен салыстырғанда жоғары болады.

"Қазақтелеком" АҚ корпоративті менеджмент мәселелері бойынша әлемдік тәжірибені меңгеру және енгізу, жобалардың сапасын басқару, корпоративті басқарудың озық стандарттарын енгізу жөнінде жұмыстар жүргізуде.

"Қазақтелеком" АҚ-тың телекоммуникация саласындағы шағын бизнес субъектілерімен ынтымақтастығы мынадай негізгі алғышарттарға негізделген: тұтынушылардың телекоммуникация қызметтеріне қол жеткізуін жоғарғы деңгейге көтеруге;

жаңа жұмыс орындарын құра отырып, халықты жұмыспен қамту мәселесін шешу.

Қазіргі кезде қалалық және селолық жерлерде шағын бизнес субъектілерімен ынтымақтастық телекоммуникация қызметтерін көрсету бойынша сервис желісі орындарын ұйымдастыру, оның ішінде сымдық хабар тарату және радиотелефония байланысы арқылы жүзеге асырылады.

"Қазақтелеком" АҚ қызметі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 ақпандағы N 168 қаулысымен бекітілген 2003-2005 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының телекоммуникация саласын дамыту бағдарламасының (бұдан әрі - Бағдарлама) негізгі ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Қоғамның барлық қабаттарына қолжетімді қазіргі заманғы ақпараттық-телекоммуникациялық қызметтер аумағын кеңейту, ақпараттық қауіпсіздік мәселелерін шешу, өңірдегі ұлттық бәсекелестікке қабілеттілікті қамтамасыз ету тиісті техникалық базаның дамытылуын талап етеді. Бұл бағытта "Қазақтелеком" АҚ ұлттық желінің сыйымдылығына және оның құрылымының ерекшелігіне сай жана нөмірлік жоспар енгізу жөнінде іс-шаралар жүргізуде. Бұдан өзге, "Қазақтелеком" АҚ құрамына ҰАСМ салу жұмысы кіретін ұлттық телекоммуникация желісінің құрылысын салу және жаңғырту жөніндегі, жергілікті желіні цифрландыру (қалалық және селолық жерде), жиынтығы телекоммуникация және ақпараттық қызметтер аумағын кеңейту мүмкіндігін қамтамасыз ететін абоненттік байланыс желілерін жаңғырту жұмысын жүргізуде.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 10 қарашадағы N 1471 Жарлығымен, бекітілген Қазақстан Республикасында "электронды өкімет" құрудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, 2007 жылдың аяғына "Қазақтелеком" АҚ мынадай іс-шараларды іске асыруға қатысады:

Интернетке көпшілік байланыс орындары үшін арнайы тарифтер белгілеу (бөлектеп есеп жүргізу және рыноктың ағымдағы жағдаятының нәтижелері бойынша);
халық саны 50 адамнан жоғары барлық селолық елді мекендерді телефондандыру;
барлық мектептерді Интернет желісіне қосу.

Аталған іс-шараларды іске асыру шеңберінде және өз құзіреті шегінде "Қазақтелеком" АҚ 2004-2005 жылдары телефондандырылмаған селолық елді мекендерді телефондандыруды қаржыландыру үшін 800 млн. теңге бағыттағалы отыр.

Болжанып отырған кезеңде барлық облыс орталықтарында арнайы төмендетілген тарифтермен Интернет желісіне қосылған жоғарғы жылдамдықтағы мектеп желілерін жасауды жоспарлап отыр. Осылайша, 2004 жылы "Schoolnet" бірыңғай корпоративті желісі құрылды, нәтижесінде алматылық екі жүзге жуық білім беру мекемелері Интернет желісіне шығудың жоғарғы жылдамдықтағы және сапалы байланысына қол жеткізді, сондай-ақ ақпараттық ресурс алмасуды жүзеге асыруға мүмкіндік алды.

5. 2005-2007 жылдарға арналған даму жоспары

1. Мақсаттар және міндеттер

Экономиканың өрлеуімен, іскерлік белсенділіктің жандануымен, халық табысының біршама өсуімен сипатталатын оңтайлы макроэкономикалық факторлар болжанып отырған кезеңде телекоммуникация қызметтерін көрсетуге деген көтеріңкі сұранысты қалыптастырады және телекоммуникациялар рыногының серпінді дамуына септігін тигізеді.

Бәсекелестік рынок жағдайында тиімді әрі табысты жұмыс істеу мақсатында "Қазақтелеком" АҚ толығымен бизнес бағытын ұстанған компанияға айналуы қажет. Ол үшін бизнестің тиімді жаңа түрлерін игеруге, жоғары кірісті сараланымдардағы жұмысын күшейтуі және көпшілікке қызмет көрсету рыногындағы өз үлесін арттырату с у г е т и і с .

Ырықтандыру барысында кірістердің шығыны жаңа рыноктардан түсетін кірістердің өсуі және тарифтерді қайта теңгерімдеу есебінен өтелуге тиіс. Жоспарланған кезеңде "Қазақтелеком" АҚ-тың ұялы байланыс желісін құру көзделді. "Қазақтелеком" АҚ үшін ұялы байланыс операторлары рыногына қатысу стратегиялық міндет болып табылады. Бұл компанияның капитал қорын арттырады, келешегі зор және стратегиялық тұрғыдан маңызды ұялы байланыс рыногына мемлекеттің қатысуын күшейтеді, ауылдық байланыстың бірқатар мәселелерін ең аз шығын шығарумен шешуге және тұрғындарға сапалы әрі арзан ұялы байланысты ұсынуға мүмкіндік береді. Лицензия алу және жобаны іске асыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес іске асырылатын болады.

Нәтижесінде "Қазақтелеком" АҚ-тың капитал жинақтауы артып, алдағы жекешелендіру барысында нарықтық құны көтеріле түседі.

Жоспарланып отырған кезеңдегі "Қазақтелеком" АҚ жұмысының мақсаттары мынадай болып табылады:

телекоммуникациялық қызметтердің барлық түрлерін алуда қоғамның және мемлекеттік басқару органдарының сұраныстарын қанағаттандыру; рынок құнын тұрақты, ұзақ мерзімді өсіру.

"Қазақтелеком" АҚ алдағы кезеңдегі міндеттері мыналар: рыноктағы өз тұғырын нығайту; бизнес-бағыттық ішкі және сыртқы саясатын қалыптастыру; бәсекелестікке қабілетті және қазіргі заманғы телекоммуникациялық инфрақұрылым қалыптастыру.

"Қазақтелеком" АҚ-тың 2005 жылғы алға қойып отырған басты мақсаттары және міндеттері мыналар:

жаңа жағдайда жұмыс істеуге бейімделу, жетекші тұғырын және кірістер көлемін сақтауды қамтамасыз ету;

әкімшілік менеджментті жетілдіру негізінде толық бәсекелестік рыногы жағдайында рыноктағы тұғырынан айырылмау үшін сыртқы өзгерістерге сәйкес тез іс-әрекет ететін бизнеске бағыт алған компания болып қайта құрылуға қол жеткізетін алғы-шарттарды қалыптастыру.

2. Алға қойылған міндеттерге жетудің жолдарын таңдау

Алға қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін "Қазақтелеком" АҚ мынадай стратегиялық бағыттарды таңдап алды:

қазіргі заманғы сай телекоммуникациялық инфрақұрылым қалыптастыруды аяқтау;
жоғары табысты сегменттердегі бизнесті жандандыру;
клиенттерге қызмет көрсету сапасын арттыру.

2007 жылға ҰАСМ құрылысы аяқталатын болады, жергілікті желілерде құрастырылған сыйымдылықты цифрландыру деңгейін 60 % дейін жеткізуді қамтамасыз ету болжанып отыр. Қазіргі заманға сай цифрлық жабдықтар негізінде жергілікті телекоммуникация желілерін жаңғырту және дамыту, желінің және оны пайдаланудың тиімділігін арттыру бойынша жұмыстар жалғасуы керек. "Қазақтелеком" АҚ келешектегі жұмыстарында алдыңғы қатарлы технологияларды пайдалану негізінде телекоммуникация қызметтерін көрсету түрлерін кеңейтуге баса назар аударатын болады.

Бизнес құрылымы жоғары рентабелді клиенттер мен іс-әрекеттер түрлеріндегі сараланымда компанияның үлесін арттыру жағына қарай өзгеруі тиіс. Ең маңызды стратегиялық бағыт - "Қазақтелеком" АҚ-тың Еуропа-Қытай транзиттік трафигінің ең ірі ұлтаралық операторы, ұялы байланыс операторы ретінде қалыптасуы болып табылады. Бұқаралық рынок үшін деректер беру қызметін бұдан әрі кеңейтудің де болашағы зор.

Телекоммуникация рыногындағы "Қазақтелеком" АҚ орныққан биік тұғырын нығайта түсу сату жүйесін айтарлықтай жақсартуға және тұтынушыларға ұсынылатын сервис сапасын арттыруға негізделетін болады.

3. Өнім (жұмыстар, қызметтер) өндірудің даму серпіні

Болжанып отырған кезеңде "Қазақтелеком" АҚ-тың күш-жігері жоғары сапалы ішкі және сыртқы ақпарат алмасуларды, телекоммуникация қызметтерін көрсетудің барлық түрлерін дамытудың ең қуатты негізін қамтамасыз ететін, бірегей техникалық және ұйымдастыру идеологиясы негізінде жұмыс істейтін және дамитын қазіргі заманға сай телекоммуникация желілерін құруға бағыттталатын болады.

Болжам бойынша, күрделі салымдар 2005 жылы 30,7 млрд. теңге, 2006 жылы - 26,7 млрд. теңге, 2007 жылы - 23,8 млрд. теңге болады. Аталған қаражаттар телекоммуникация желілерін әрі қарай дамытуға, халықтың және дамып келе жатқан экономиканың байланыс қызметтеріне деген өсе түсетін сұранысын қанағаттандыруға жұмсалады.

2007 жылы негізгі телефон аппараттарының саны 2004 жылғымен салыстырғанда 12,5 % өсіп, 2669,8 мың бірлікті құрайтын болады. Қалааралық, халықаралық телефон трафигі 1869,3 млн. минут болады.

--	--	--	--

	2005 ж. болжам	2006 ж. болжам	2007 ж. болжам
НТА - барлығы, мың бірлік	2499,6	2594,8	2669,8
Қалааралық, халықаралық телефон трафигі - барлығы, млн. мин.	1796,7	1832,7	1869,3

Сатылған өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) өзіндік құны 2007 жылы болжам бойынша 2005 жылдың деңгейіне қарағанда 12 % өсіп, 50,8 млрд. теңгеге жететін болады.

2007 жылға дейінгі өзіндік құн құрылымының болжамы

(млн. теңге)

	2005 ж. болжам	2006 ж. болжам	2007 ж. болжам
Өзіндік құн, барлығы	49759,2	50256,8	50859,9
оның ішінде:			
Материалдар	3502,3	3568,3	3611,1
Еңбек шығыстары	13555,2	13669,8	13833,8
Үстеме шығындар	32701,7	33018,7	33415

2005 жылы өзіндік құнның өсімінің 2004 жылмен салыстырғанда 9,4% өсуі жоспарланып отыр, бұл қалааралық және халықаралық байланыс қызметін көрсету құқығы үшін және телекоммуникация желілерін кеңейтуге республикалық бюджетке төлем төлеуге байланысты.

Электр қуаты, отын, кәбіл және қосалқы бөлшектерге жұмсалатын шығындар телекоммуникация желілерінің кеңеюі мен сондай-ақ өндірушілердің бағаны өсіруіне байланысты көбейетіні жоспарланып отыр.

Өтелімге аударымдар да желіні жаңарту мен кеңейту барысында жабдықтардың айтарлықтай мөлшері іске қосылуына байланысты ұлғаятын болады.

Жарнама және маркетингке шығыстардың 2004 жылмен салыстырғанда 2005 жылы 20,6% өсуі ашық бәсекелес телекоммуникация рыногы жағдайында жарнамалаудың және қызметтерді алға жылжытудың объективті қажеттіліктерінен болды.

Дайын өнімді сату бойынша шығыстар құрамында "Басқа шығыстар" деген бап бойынша шығыстардың 2004 жылмен салыстырғанда 2005 жылы 69,9% өсуі "Қазақтелеком" АҚ абоненттеріне хабарлау-шоттарын міндетті жеткізу қажеттілігінен тұрынады.

"Қазақтелеком" АҚ әкімшілік пен еңбек ұжымы арасында жасалған Ұжымдық шартқа сәйкес жүзеге асырылатын нақты мақсаттарға бағытталған әлеуметтік саясат жүргізіп отыр.

"Қазақтелеком" АҚ-тың Ұжымдық шартында жұмыс беруші мен қызметкерлердің құқықтары және міндеттері, еңбек және демалыс тәртібі, еңбекақы төлеудегі негізгі

кепілдіктер, қызметкерлер мен зейнеткерлерді әлеуметтік тұрғыдан қорғау, еңбек қорғау мен әлеуметтік кепілдемелер шаралары және қызметкер толық немесе ішінара еңбек қабілетінен айырылған жағдайда өтемақы төлеу белгіленген.

Директорлар кеңесі 1997 жылы "Қазақтелеком" АҚ-тың селолық жерлерде тұратын мамандарды жергілікті жерде оқытып, үйретуге тиіс деген шешім қабылдады. Оқыту шығындары "Қазақтелеком" АҚ-тың өз қаражатынан төленеді. Тұрақты түрде семинарлар өткізіледі, қызметкерлер ұдайы біліктілікті жетілдіру курстарынан өтіп
о т ы р а д ы .

"Қазақтелеком" АҚ-тың қызметі қоршаған ортаға зиян келтірмейді. Байланыс желілері құрылысын салған жағдайда жерді қайта өңдеу және қалпына келтіру жұмыстары жүргізіледі.

Еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша жұмыстар " Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы " 1999 жылғы 10 желтоқсандағы және " Еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау туралы " 2004 жылғы 12 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңдарына, басқа да нормативтік құқықтық актілерге, "Қазақтелеком" АҚ-та еңбекті қорғау жөнінде жұмыстарды ұйымдастыру туралы ережеге сәйкес жүргізіледі. Жоғарыда аталған актілердің негізінде "Қазақтелеком" АҚ әкімшілігі мен Қазақстан Республикасы Байланыс қызметкерлерінің кәсіподағы арасында ұжымдық шарт жасалған, оның талаптарын "Қазақтелеком" АҚ барлық филиалдары орындауға м і н д е т т і .

Ұжымдық шартқа сәйкес еңбек жағдайын жақсарту жөніндегі шараларды жүзеге асыруға әрбір жұмысшының заңдарда белгіленген жылдық ең төменгі еңбекақысының 30%-нан кем болмайтын мөлшерде қаражат бөлінеді. Онда ғылым мен техниканың ең жаңа жетістіктерін енгізу, табиғи және моральдық тұрғыдан ескірген жабдықтарды ауыстыру, жұмыс жайларында жарық пен жылу беру тәртібін нормаға жеткізу бойынша талаптар да көрсетілген.

Еңбекті қорғау мақсатына арналған қаражат мына баптар бойынша жұмсалады: телекоммуникация қызметкерлерінің тиісті санаттары үшін салалық тегін беру нормаларына сәйкес арнайы киім, арнайы аяқкиім, жеке қорғану, құралдарын сатып а л у ;

кәсіптік қатер болуы мүмкін топтарды, зиянды және қауіпті жұмыс жағдайларында істейтін қызметкерлердің жеңілдіктері мен өтемақыларын белгілеу мақсатында жұмыс орындарында аттестациялауды жүргізу;

зиянды және қолайсыз еңбек жағдайларында жүрген қызметкерлерді міндетті түрде дәрігерлік тексеруден өткізу;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес арнайы тамақтандыру; өндірісте жүріп зақым алған қызметкерлерге емделу, протездеу және т.б. шығындарын өтеу; өртке қарсы шаралар; еңбек қорғау бойынша нормативтік-техникалық құжаттамалар сатып алу.

4. Баға және тариф саясаты

Тариф саясаты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Табиғи монополиялар туралы заңнамаға сәйкес реттелуге жататын байланыс қызметтеріне тарифтер Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының (бұдан әрі - ҚР ТМРА) 2003 жылғы 19 наурыздағы N 82-НҚ бұйрығымен бекітілген Табиғи монополия субъектілерінің қызметтерін (тауарларын, жұмыстарын) өндіруге және ұсынуға тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкасын) бекіту жөніндегі нұсқаулығы негізінде, сондай-ақ ҚР ТМРА 2003 жылғы 30 шілдедегі N 185-НҚ бұйрығымен бекітілген Табиғи монополия субъектілерінің қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкасын) бекіту кезінде қолданылатын шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібі туралы ережеге сәйкес әзірленеді.

Болжанып отырған кезеңде "Тарифтерді қайта теңдестіру жоспарын және телекоммуникацияның әмбебап қызметтеріне тарифтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 тамыздағы N 884 қаулысына сәйкес телекоммуникацияның әмбебап қызметтеріне тарифтерді өзгерту көзделіп отыр.

2005 жылы, бірінші кезеңі 2004 жылдың 1 қазанынан басталған тарифтерді қайта теңгерімдеу процесінің екінші кезеңін бастау жоспарланып отыр. Екінші кезеңде БУЕЖ-ге көшірілмеген дербес пайдаланудағы абоненттік терминалдан бекітілген жергілікті телефон байланысы қызметтеріне қалалық жерлерде жеке тұлғалар үшін тарифтерді өсіру күтілмейді.

Үшінші кезеңде (2006 - 2008 жылдар) тарифтер бөлектеп есептеу деректері мен байланыс қызметтері рыногының қалыптасқан жағдаятын ескере отырып белгіленетін болады.

Болжанып отырған кезеңде Қоғамның дамуына және қаржылық көрсеткіштеріне телекоммуникация рыногын ырықтандыру жөнінде Қазақстан Республикасы Үкіметі жүргізіп отырған және сұраныс көлеміне және шығындардың кейбір баптарына әсер ететін мынадай іс-шаралар көп ықпалын тигізетін болады: Тарифтерді қайта теңдестіру жоспарын және телекоммуникацияның әмбебап қызметтеріне тарифтерді бекіту, "Қазақтелеком" АҚ-тың қалааралық және халықаралық байланыс қызметтерін көрсетуге эксклюзивтік құқығын жоғалтуы, 2005 жылдан бастап тарифтеудің 10 секундтық қадамымен секундпен тарифтеудің енгізілуі, халықаралық байланыс қызметтеріне тарифтердің 20%-ға төмендетілуі, сондай-ақ ҚР ТМРА 2004 жылғы 8 қарашадағы N 438-НҚ бұйрығымен бекітілген Қосуға тарифтерді есептеу және байланыс операторларының трафикті өткізу әдістемесінде белгіленген қосатын және қосылатын байланыс операторлары арасында өзара есеп айырысуларды жүргізу тәртібінің өзгеруі.

2005 жылы, ҚР ТМРА 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 312-НҚ бұйрығымен бекітілген, табиғи монополиялар туралы заңнама және монополияға қарсы заңнамаға сәйкес реттелетін Кірістерді, шығыстарды және байланыс операторлары іске қосқан активтерді телекоммуникация қызметтері түрлері бойынша бөлектеп есептеуді жүргізу ережесінің (бұдан әрі - Ереже) талаптарына сәйкес кірістер мен шығыстарды қызмет түрлері бойынша бөлектеп есептеуді енгізу жүргізілетін болады. Енгізілген бөлектеп есептеу жүйесі компания менеджерлері үшін инвестициялық саясат, компанияның бизнес-портфелін қалыптастыру және т.б. сияқты стратегиялық және тактикалық, басқармалық шешімдер қабылдау үшін талдау жасау, болжау және ақпараттық қолдау құралы болады. Бөлектеп есептеуді жүргізу ережесіне сәйкес 2005 жылдың бірінші жартысына бөлектеп есептеу жөніндегі алғашқы есеп беру ҚР ТМРА-сына 2005 жылдың 15 тамызында ұсынылатын болады.

Осылайша, болжанып отырған кезеңде қаржыландыру бойынша ауыртпалықты рынокқа қатысушылардың барлығына бірдей бөлуді ашық және әділ тетікке біртіндеп ауыстыру және тарифтерді қайта теңдестіру жолымен тиімді емес қызмет көрсетулерді кросс-субсидиялауды жою жоспарланып отыр.

Байланыс қызметтеріне тарифтерді қайта теңдестіру және экономикалық негіздемелермен белгілеу басқа операторлар үшін бұрын тартымсыз болған телекоммуникация рыногының сегменттерінде бәсекелестіктің пайда болуына жағдай жасайды, ол ұсынылатын қызметтердің толысуын, сапасын және түрлерін арттыра түседі.

5. Қаржылық нәтижелер және бюджетпен қарым-қатынас

Негізгі қызметтен түсетін кірістер болжам бойынша 2005 жылы 79,4 млрд. теңге, 2006 жылы 81,7 млрд. теңге, 2007 жылы 84,1 млрд. теңге болады. "Қазақтелеком" АҚ-ын эксклюзивтік құқықтан айыру нәтижесінде қалааралық, халықаралық байланыс кірістері 2004 жылғы 46,6 млрд. теңгеден 2005 жылы 41 млрд. теңгеге дейін төмендейтіні болжануда. Тарифтерді қайта теңдестіру нәтижесінде жергілікті байланыс бойынша кірістер 2005 жылғы 18,9 млрд. теңгеден 2007 жылы 20,0 млрд. теңгеге дейін ө с е д і .

Тиімділіктің 2004 жылғы 33,9 %-дан 2007 жылы 32,1 %-ға дейін төмендеуі телекоммуникация саласын ырықтандыру және бәсекелестік ортаны дамыту барысында "Қазақтелеком" АҚ қызметінің сыртқы жағдайларының өзгеруінен туындады.

Болжам бойынша таза кіріс 2005 жылы - 24,2 млрд. теңге, 2006 жылы - 24,9 млрд. теңге, 2007 жылы - 26,9 млрд. теңге болады.

Атап өтетін жағдай кірістер болжамының іске асуына мына талаптар орындалғанда ғ а н а қ о л ж е т е т і н д і г і :

тарифтердің өзгеру серпінділігі жоспарланған көрсеткіштерге сәйкес болады;

"Қазақтелеком" АҚ акциялары бойынша дивидендтердің жыл сайынғы мөлшері бөлінуге тиіс таза кірістің 20%-нан аспайды; тұтасымен алғанда экономика өсімі сақталады.

Алдыңғы жылдың нәтижелері бойынша жай акциялар бойынша "Қазақтелеком" АҚ дивидендтер мөлшері болжаммен 2005 жылы 5279,1 млн. теңге, 2006 жылы - 4709,2 млн. теңге, 2007 жылы - 4849,5 млн. теңге болады, оның ішінде акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтер сәйкесінше: 2932,5 млн. теңге, 2615,9 млн. теңге және 2693,9 млн. теңге. Жай акцияларға дивидендтер төлеу нысаны, тәртібі және мөлшері заңнамаға сәйкес белгіленетін болады.

"Қазақтелеком" АҚ 2005-2007 жылдарға арналған тәуелді компанияларға қатысты дивидендтік саясаты компания дивидендтер төлеуге таза кірістің 20 % кем емес жұмсайтын болады деп болжап отыр. Тиісінше, "Қазақтелеком" АҚ алатын дивидендтер тәуелді компаниялардың жарғылық капиталындағы оның үлесі негізінде есептелетін болады.

Тәуелді компаниялардан дивидендтердің сомалық түсімдер болжамы 2005 және 2006 жылдары 3 млрд. теңгеден, 2007 жылы - 8 млрд. теңгені құрайтын болады.

2005-2007 жылдарға салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер көлемінің болжамы
(млрд.теңге)

	2005 ж. болжам	2006 ж. болжам	2007 ж. болжам
ҚҚС	7,1	7,2	7,3
Әлеуметтік салық	2,6	2,6	2,6
Корпоративтік салық, барлығы	4,3	6,4	7,1
Мүлікке, көлік құралдарына, жерге салықтар	0,95	0,9	0,9
Төлем көзінен табыс салығы	1,4	1,4	1,4
Барлығы	16,35	18,5	19,3

Болжам бойынша, салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер ретінде 2005 жылы 16,35 млрд. теңге, 2006 жылы - 18,5 млрд. теңге, 2007 жылы - 19,3 млрд. теңге төлеу болжанып отыр.

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңына сәйкес таза табысты бөлу акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне сәйкес жүргізілетін болады. Болжам бойынша акциялар бойынша, дивидендтер төлеуден кейін таза табыс инвестициялық бағдарламаларды іске асыруға, үлестік қатысу бойынша тәуелді компанияларға инвестицияларға және займдар бойынша негізгі қарызды төлеуге жұмсалатын болады.

2-бөлім. Ұлттық компанияны дамытудың инвестициялық жоспары

1. Инвестициялық саясат және оның негіздемесі

"Қазақтелеком" АҚ-тың инвестициялық саясаты алдыңғы қатардағы әлемдік байланыс құралдарын өндірушілердің ең жаңа технологиялары негізінде қазіргі заманға сай телекоммуникациялық инфрақұрылым жасауға және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы ақпараттық ағымдар транзитін ұлғайтуға бағытталған.

"Қазақтелеком" АҚ-тың инвестициялық саясаты телекоммуникация желілерін жаңғырту мен дамытудың мынадай басым бағыттарына негізделген:

Ұ А С М құрылысын жалғастыру;
жергілікті телекоммуникация желілерін жаңғырту және дамыту;
деректер беру желісін дамыту;
коммерциялық жобаларды дамыту.

Жүйе жасаудың, саланы технологиялық жағынан қайта құрудың негізін құрайтын ірі жобалардың бірі - ҰАСМ құрылысын салу. Бұл жобаның тұжырымдамасы SDH сақинасына негізделген технологияны пайдаланып, баламалы магистраль желісін жер үстіндегі талшықты-оптикалық жоғары жылдамдықты магистральдық желілерге түгелімен ауыстыру қажеттігіне тоғысқан. Соның нәтижесінде республиканың барлық аймақтары әлемдік ақпарат желісіне кем дегенде үш жолмен шығатын үш үлкен сақина түрінде оңтайлы жалғасады. ҰАСМ құрылысын салу магистральдық желіні пайдалануды арзандатады, қосудың сапасын арттырады, сондай-ақ байланыстың жоғары сапалы цифрлық арналарын және тасымалдау ортасын пайдалануға беру негізінде республиканың телекоммуникация рыногын дамытуды қамтамасыз етеді және еліміздің ұзақ мерзім бойы бәсекелестік басымдығын қамтамасыз ету үшін технология жағынан алда болуға және техникалық негіз жасауға ықпал етеді.

"Қазақтелеком" АҚ байланыс және хабар таратуға арналған Қазақстан Республикасының жердегі тұрақты ұлттық "KazSat" жерсерігінде жаңа ішкі аймақтық бағыттар ұйымдастыруды 2005 жылдың аяғына қарай бастауды жоспарлап отыр. Қазір жұмыс істеп тұрған ішкі аймақтық бағыттарды көшіру Қоғам акционерлері мақұлдаған соң ғана жүзеге асырылуы мүмкін, мұндайда жерсерік операторларымен жасалған қолданымдағы ұзақ мерзімді шарттар бұзылған жағдайда шығын барынша азайтылуы тиіс. Бұл міндеттерді іске асыру үшін "Қазақтелеком" АҚ қажетті ұйымдастыру-техникалық іс-шараларын орындайды.

2. Инвестициялық бағдарлама

**"Қазақтелеком" АҚ-тың 2005-2007 жылдарды іске асыруға
жоспарланған инвестициялық жобаларының тізбесі
(млн.теңге)**

Жобаның және оның құрамдастарының аталуы	Болжам		
	2005	2006	2007
1. Телекоммуникация желілерін дамыту және жаңғырту	25289	21756	19162
1.1. Бастапқы желі	4811	3069	2269
1.1.1. Магистральдық бастапқы желі	4811	3069	2269
ҰАСМ құрылысын салу	4738	3000	2200
Ақтөбеде ХКО құрылысын салу	4		
ХКО арналық сыйымдылығын кеңейту	69	69	69
1.1.2. Аймақ ішіндегі бастапқы желі			
1.2. Туынды желі	16719	15304	13611
1.2.1. Жергілікті желі	12046	11082	10086
Жергілікті желіні жаңғырту және дамыту	9982	9782	9586
Селолық желіні жаңғырту және дамыту	2064	1300	500
DAMA жерсеріктік байланыс желісін дамыту	292	67	
1.2.2. Деректер беру желісі	3381	3212	3051
1.2.3. Үстеме салынған желілер	1292	1010	474
J-Rup бизнес-желісін дамыту	300	269	264
KULAN бизнес-желісін дамыту	464	343	210
Зияткерлік желісін және WLL дамыту	528	398	
1.3. Телекоммуникация желілерін ағымдағы дамыту үшін негізгі құрал-жабдықтарды сатып алу	3759	3383	3282
2. Ақпараттық технологиялар	2144	2080	2033
3. Басқа ұзақ мерзімдік активтерді сатып алу немесе құрылысы	3029	2575	2318
4. Тез өтелетін коммерциялық жобалар	250	250	250
Жиыны	30712	26661	23763

"Телекоммуникация желілерін дамыту және жаңғырту" жобалары топтарының құрамдастары :

б а с т а п қ ы ж е л і ;

қ а й т а л а м а ж е л і ;
телекоммуникация желілерін ағымдық пайдалану және ағымдық дамыту үшін
негізгі құрал-жабдықтар сатып алу.

"Бастапқы желі" жобасының құрамдастары:
магистральдық бастапқы желі;
аймақ ішіндегі бастапқы желі.

Болжанып отырған кезеңде толық аяқталуы 2007 жылға жоспарланып отырған
ҰАСМ құрылысын салу жалғастырылады және ол әлемдік телекоммуникация
рыногында ұлттық бәсекелестікке қабілеттілікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.
Цифрлық магистраль құру барлық деңгейдегі телекоммуникацияларды дамытуға да,
ақпараттандыруды арттыруға да, ТОБЖ өтетін аймақтардың іскерлік белсенділігін
көтеруге де мүмкіндік туғызады және Ресей желісіне қосылатын қуатты екінші тәуелсіз
ш л ю з ұ й ы м д а с т ы р ы л а т ы н б о л а д ы .

ҰАСМ құрылысын салу мемлекеттік деңгейдегі аса ірі жоба болып табылады.
Магистральдық талшықты-оптикалық сақина құру мыналарды қамтамасыз етуге
м ү м к і н д і к б е р е д і :

Қазақстан Республикасының халқына сапалы қалааралық цифрлы байланысын
ұ с ы н у д ы ;

Қазақстанның Алматы, Астана және Ақтөбе қалаларындағы ХКО-лар арқылы
халықаралық желіге цифрлық шығуын;

халықаралық трафиктің ең қауырт жұмыс істеу уақыттарындағы ысырабын
болғызбай, үш ХКО арасында оңтайландыру;

цифрлық трактілерді және барынша қысқа маршруттарды пайдалану есебінен
т р а ф и к с а п а с ы н а р т т ы р у ;

қызметтер спектрін, деректер беру, Интернет желісіне қатынасу қызметтерін
к е ң е й т у ;

Қытайдан, Орталық Азия елдерінен Ресейге транзит трафигін өткізу;
магистральдық SDH сақинасының құрылысы салынғаннан кейін байланыстың
баламалы желілерін пайдаланудан шығару.

Супермагистральдың негізгі сақинасы Қазақстанның барлық ірі қалаларын: Алматы
, Астана, Өскемен, Семей, Павлодар, Қостанай Ақтөбе, Қызылорда, Шымкент және
Таразды қамтиды. Негізгі сақина осьтік магистралымен "тілінеді", бұл халық саны
бойынша Қазақстанның екінші қаласы Қарағандыны бірыңғай желіге қосып, екі ішкі
сақина құруға мүмкіндік береді. Қазақстанның батысында Ақтөбе, Орал, Атырау
қалаларын және аудан орталығы Мақаттан Ақтау қаласына шығатын тармақты
қамтитын Батыс сақинасының құрылысын салу көзделіп отыр.

Батыс және Негізгі сақиналардың байланысы Ақтөбе қаласында жүзеге асырылады.

ҰАСМ құрылысын салуға 2005-2007 жылдары 9938 мдн. теңге жұмсау болжануда.
Ж о б а н ы ң ө т е л і м м е р з і м і - 96 а й .

ТОБЖ-ның Шығыс тармағының құрылысын қаржыландыру мақсаттары үшін бірқатар кредиттік келісімдер жасалды. Siemens AG компаниясының 2002 жылғы 18 маусымдағы шарт шеңберінде, жабдықтар, жеткізуін және қызмет көрсетуін қаржыландыру үшін 2002 жылдың 29 тамызында Sumitomo корпорациясымен 6,7 млн. евро сомасына кредиттік келісім жасалды (толық игерілгені 1.08 млрд. теңге сомасында , евроның теңгеге шаққандағы орташа бағамы 161,19). Қаржыландыру мерзімі - 5 жыл, сыйлықақы ставкасы - Euribor+жылдық 3,5295 %. 2003 жылғы 2 сәуірде "Қазақтелеком" АҚ Credit Agricole Indosuez (Франция) компаниясымен бірлесіп Commerrzbank AG (Германия) компаниясымен кредиттік келісімдер пакетіне қол қойды. Коммерциялық кредит бойынша 12 млн. евро шамасындағы қаражат (ағымдағы жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша 12 млн. евро немесе 1,9 млрд. теңге игерілді, евроның теңгеге шаққандағы орташа бағамы 158,33) Қазақстан аумағындағы құрылыс-монтаждау жұмыстарын, бас мердігер көрсететін қызметтерді және жергілікті жерде материалдар мен жабдықтарды жеткізуді қаржыландыруға жіберілді, осы уақытта 15,4 млн. евро сатып алушы кредиті ретінде (ағымдағы жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша 15 млн. евро немесе 2,6 млрд. теңге игерілді, евроның теңгеге шаққандағы орташа бағамы 173,33) - жобаның экспорттық бөлігіне жіберілді. Қаржыландыру 2002 жылдың 01 қыркүйегіндегі Siemens Ag жасалған N 2 сегментінің тапсырысы шеңберінде ТОБЖ-ның Шығыс тармағы құрылысын салу жобасын іске асыруға бағытталды. Қаржыландыру мерзімі - 3-6 жыл, сыйлықақы ставкасы - Euribor+жылдық 0,75 - 1,5 % .

2004 жылдың 30 қыркүйегінде және 11 қазанында "Қазақтелеком" АҚ "ДАБ "АБН АМРО Банк Қазақстан" ЖАҚ және NEDERLANDSE FINANCIERINGS-MAATSCHAPPIJ voor ONTWIKKELINGSLANDEN N.V." (Нидерланд) бірлесе отырып ABN AMRO Bank (Deutschland) AG-мен кредиттік келісімдер пакетіне қол қойды. 17,5 млн. евро көлеміндегі коммерциялық кредит бойынша қаражат (2005 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша 5,6 млн. евро немесе 929 млн. теңге, евроның теңгеге шаққандағы орташа бағамы 165,89) құрылыс-монтаждау жұмыстарын, бас мердігер көрсететін қызметтерді және Қазақстан аумағында материалдарды және жабдықтарды жергілікті жеткізу жұмыстарына, сонымен қатар сатып алушы кредиті ретінде 4,2 млн. евро көлемінде жобаның экспортты бөлігіне бағытталды. Қаржыландыру Siemens Ag компаниясы ТОБЖ-ның Солтүстік тармағы құрылысын салу жобасын іске асыру үшін бағытталды. Қаржыландыру мерзімі - 3-6-9 жыл, сыйлықақы ставкасы - Euribor+жылдық 0,55-3,75-2,5 % .

ХКО арна сыйымдылығын кеңейту үшін 2005-2007 жылдардағы капиталды қаржы салымдары 207 млн. теңге болады. Жобаның өтелім мерзімі 54 ай. Қаржыландыру көзі - "Қазақтелеком" АҚ-тың өз қаражаты. "Қайталама желі" жобасының құрамдастары:

жергілікті желі;
деректер беру желісі;
үстеме салынған желі.

2005 және 2007 жылдар аралығындағы кезеңде деректер берудің 28,8 кбит/сек. кем емес жылдамдығын қамтамасыз ете отырып, Қазақстан Республикасының облыс орталықтары мен облысқа қарасты ірі қалалары жергілікті желілерін цифрландыру жолымен жергілікті телекоммуникация желілерін жаңғырту және дамыту жөніндегі жобаларды іске асыру жалғасатын болады. Қалалық телекоммуникация желілерін жаңғырту нәтижесінде 2007 жыл қарсаңында цифрландыру деңгейі 94%-ға жетеді, табиғи және моральдық тұрғыдан ескірген коммутациялық жабдықты ауыстыру жүзеге асырылатын болады, сондай-ақ көрсетілетін қызметтердің сапасы жақсарып, түрлері көбейе түседі. 2005-2007 жылдардағы капиталды салымдар - 29350 млн. теңге. Жобаның өтелім мерзімі - 90 ай.

Телекоммуникацияның жергілікті желілерін жаңғырту және дамыту үшін құрал-жабдықтар жеткізу мен қызмет көрсетулерді қаржыландыруға отандық болсын, шетелдік болсын мемлекеттік экспорт-кредит агенттіктерінің немесе халықаралық қаржы институттарының сақтандырулық жабуымен заемдік қаражатты пайдалану бәрінен тартымды болып табылады.

Осы кезеңде Bayerisch Landesbank-пен сомалық құны 4,7 млн. АҚШ доллары (576,4 млн. теңге сомасына игерілді, АҚШ долларының теңгеге шаққандағы орташа бағамы 137,02) және 14,5 млн. евро (2,5 млрд. теңге сомасына толық игерілді, евроның теңгеге шаққандағы орташа бағамы 178,84), АҚШ долларымен кредит бойынша пайыздық ставкасы Libor+0,75 % және Libor+0,9 % құрайды, евромен кредит бойынша Libor+0,90% және Libor+0,80 % құрайды (Alcatel, Kommunikations-Elektronik GmbH, Elcon Systemtechnik жабдықтарын жеткізіп беруді қаржыландыру үшін).

Export Development Canada (EDC) компаниясымен 20 млн. дейінгі АҚШ долл. сомасында кредит желісі шартына қол қойылды, мерзімі - 5 жыл, пайыздық ставкасы - Libor + 3,25 % .

ADC Telecommunications компаниясы жабдықтарын жеткізіп беруді қаржыландыру мақсатында 2001 жылдың 28 қазанында Bank Leumi le-Israel компаниясымен 3,4 млн. АҚШ долл. сомасына (толық игерілген сомасы 473 млн. теңге, АҚШ долларының теңгеге шаққандағы орташа бағамы 139,12) кредиттік келісім жасалды. Қаржыландыру мерзімі - 5 жыл, сыйлықақы ставкасы - Libor + жылдық 0,5 %.

2004 жылдың 25 мамырында "Қазақтелеком" АҚ Bank Naroalim B.M.-мен (Израиль) кредиттік келісімге қол қойды. 7 млн. АҚШ долларына жуық көлемдегі қаражат (а.ж. 01 қаңтарындағы жағдай бойынша 6,6 млн. АҚШ доллары немесе 868 млн. теңге игерілді, АҚШ долларының теңгеге шаққандағы орташа бағамы 131,47) Teledata Networks Ltd. компаниясының жабдықтарын сатып алуды қаржыландыруға бағытталды. Қаржыландыру мерзімі - 5 жыл, сыйлықақы ставкасы - Libor+жылдық 2,25-1,8%.

2004 жылдың 06 желтоқсанында "Қазақтелеком" АҚ Nova Ljubljanska Bank d.d -мен (Словения) 1,9 млн. АҚШ доллары көлеміндегі сомлада кредиттік келісімге қол қойды. Қаражат жасалған келісім-шарттар шеңберінде Искрател телекоммуникациялық жабдықтарын сатып алуды қаржыландыруға бағытталды.

Бұған қоса, инвестициялық бағдарламаларды қаржыландыру үшін 2004 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша жалпы сомасы 1,99 млрд. теңге өнім беруші кредиттері тартылып отыр:

Өнім берушінің атауы	Сомасы, валютамен	31.12.2004 жылғы сомасы млн. теңгемен	Өтеу күні	% ставка	Жеңілдік кезеңі
Inovia Telecoms Ltd.	2,450,376 USD	318,55	17.08.2006 ж.	Libor+3%	
Netas	2,347,084 USD	305,12	02.06.2005 ж.	-	
ZMC	3,191,212 USD	414,86	19.01.2007 ж.		
E C I Telecom Ltd.	315,994 USD	41,08	05.07.2005 ж.	Libor+1,5%	
E C I Telecom Ltd.	401,279 USD	52,17	06.12.2005 ж.	Libor+4%	
Sumitomo	12,683,000 JPY	15,89	22.12.2006 ж.	3,7%+ЖҰҚҚС	22.03.2002 ж. дейін
Sumitomo	206,651,000 JPY	258,93	17.09.2006 ж.	3,7%+ЖҰҚҚС (1,70%)	24.06.2002 ж. дейін
Sumitomo	153,275,000 JPY	192,05	22.09.2008 ж.	3,7%+ЖҰҚҚС (1,65%)	
Sumitomo	94,436,000 JPY	118,33	22.06.2009 ж.	3,7%+ЖҰҚҚС (1,85%)	
"Bips" ЖШС	162,071,566 KZT	162,07	16.02.2005 ж.	-	
"Веснет" АҚ	109,237,298 KZT	109,24	24.11.2005 ж.	-	

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 1358 қаулысы шеңберінде "Қазақтелеком" АҚ "Индустриальный парк" ААҚ-мен селолық елді мекендер үшін телекоммуникация жабдықтарын шығару және жаңғырту жобасын іске асыру үшін ұсынылған, Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен қамтамасыз етілген, Корей Эксимбанкінің займы бойынша қарыз берушіні

ауыстыру мақұлданды. Займ сомасы 16140104285 корей воны, сыйлықақы ставкасы - 3 % (2,0 млрд. теңге сомасына толық игерілді, Оңтүстік Корей вонасының теңгеге шаққандағы орташа бағамы 0,124).

Ауылдық байланысты жаңғырту және дамыту бойынша жоба баламалы АТС-тарды цифрлықтармен ауыстыруды, қосу желілерін цифрландыруды, әуемен тартылған байланыс желілерін радиорелелік және талшықты-оптикалық байланыс желілерімен ауыстыруды, ауылдық телефон станцияларын аудан орталығы желілеріне біртіндеп біріктіруді көздейді. 2005-2007 жылдардағы капиталды салымдар қаражаты - 3864 млн. теңге. Жобаның өтелім мерзімі - 120 ай.

Iskratel (Словения) компаниясының сыйымдылығы шағын ауылдық АТС-ын жеткізуді қаржыландыру үшін Нова Люблянска Банка компаниясымен 2003 жылдың 27 ақпанында 4,3 млн. АҚШ долл. сомасына кредиттік келісім жасалды (толығымен 615 млн. теңге сомасында игерілді, АҚШ долларының теңгеге шаққандағы орташа бағамы 143,02). Қаржыландыру мерзімі - 5 жыл, сыйлықақы ставкасы - Libor+жылдық 3,5 %.

DAMA спутниктік байланыс желісін дамыту бойынша жоба байланыс қызметін көрсетудегі ауылдық аумақтардың тұрғындарының қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған. Қатынауы қиын аудандар үшін оңтайлы шешім жер үсті байланысының магистральдық арналарын жерсеріктік байланыс желілерімен ұштастыру болып саналады. Аталған жоба хабар таратудың жоғары сапалылығымен, байланыстың тез өткізетін арналарының болуымен, коммутацияның және бағыттаудың жақсартылған мүмкіндігімен, энергия тұтынудың төмендігімен сипатталады. Капиталды салымдар 2005-2006 жылдары - 359 млн. теңге. Жобаның өтелім мерзімі - 120 ай. Қаржыландыру көзі - "Қазақтелеком" АҚ-тың өз қаражаты.

Ішкі аймақтық және ауылдық желілерді дамыту мен жаңғырту және DAMA спутниктік байланыс желісін дамыту жөніндегі жобалар 2003-2005 жылдар аралығындағы кезеңді ауылды (селоны) өркендетуге арналуы қажеттілігі атап көрсетілген Қазақстан Республикасы Президентінің "2003 жылға арналған ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы" 2002 жылғы 29 сәуірдегі халыққа үндеуін орындау мақсатында іске асырылады.

Деректер беру желісін дамыту бойынша жоба Қазақстан Республикасы тұрғындарын осы саладағы қазіргі заманғы әлемдік жетістіктерге сай қызмет көрсетулердің толық жиынтығымен қамтамасыз етуді көздейді. Деректер беру желісін одан әрі дамыту (Интернет желісіне кіру, электрондық пошта, факсимильдік және дауыстық хабарларды беру, телеконференциялар, деректер беру және цифрлық түрде ұсынылатын кез келген ақпаратты беру) осы қызмет түріне өсіп келе жатқан сұраныстың қанағаттандырылуын қамтамасыз етеді. 2005-2007 жылдардағы капиталды салымдар - 9644 млн. теңге. Жобаның өтелім мерзімі - 36 ай.

Бұл жобаны қаржыландыру үшін Telspec өнім берушісінің екі кредиті

пайдаланылады. Бірінші кредит - 2 008 636,45 АҚШ долл. сомасында өтеу күні - 2006 жылдың 16 қазаны, пайыздық ставкасы - 5,71 %, жеңілдік кезеңі - 2002 жылдың 15 сәуіріне дейін (толығымен 285,5 млн. теңге сомасында игерілді, АҚШ долларының теңгеге шаққандағы орташа бағамы 142,15). Екінші кредит - 2 754 816,89 АҚШ долл. сомасында, өтеу күні - 2007 жылдың 1 қазаны, пайыздық ставкасы - 4,49 %, жеңілдік кезеңі - 2003 жылдың 31 наурызына дейін (толығымен 382,9 млн. теңге сомасында игерілді, АҚШ долларының теңгеге шаққандағы орташа бағамы 139,02).

Үстеме салынған J-Run телефон желісін дамыту бойынша жоба бүкіл Қазақстан Республикасының аумағында ортақ пайдаланымдағы телефон желісіне, алыс және таяу шет елдерге шығу мүмкіндігі, сондай-ақ желі шегінде бірыңғай алты қатарлы санмен нөмірлеуді ұйымдастыру мүмкіндігі арқылы телекоммуникация қызметінің кеңейтілген сервисін көрсетуге арналған. 2005-2007 жылдардағы капиталды салымдар - 992 млн. теңге. Жобаның өтелім мерзімі - 42 ай. Қаржыландыру көзі - "Қазақтелеком" АҚ-тың өз қ а р а ж а т ы .

Үстеме салынған Kulan спутниктік желісі Fara Way TM VSAT және Sky Star Advantage TM технологиясымен құрылған және телефон байланысы мен деректер беру қызметін көрсетуді корпоративтік клиенттер үшін ұсынуға арналған спутниктік байланыстың телекоммуникациялық желісі болып табылады. Kulan бизнес-желісі Intelsat-703 спутнигін пайдаланады, оның сәулесі Қазақстанға арнайы бұрылып бағытталған. Жерсеріктік терминалды осы сәуле түсетін аймақтың кез келген жерінде орнатуға болады. 2005-2007 жылдардағы капиталды салымдар - 1017 млн. теңге. Жобаның өтелім мерзімі - 78 ай. Қаржыландыру көзі - "Қазақтелеком" АҚ-тың өз қ а р а ж а т ы .

Едәуір қаражат (жоғары технологиялық телекоммуникация жабдықтары құнының жоғарылығынан және желілі-кәбілдік шаруашылықтың өте ұзақ қашықтықтарға жайылғандығынан) телекоммуникация желілерін ағымдық пайдалану және дамыту үшін негізгі құрал-жабдықтарды - таксофон желісін кеңейтуге, ағымдық дамыту үшін негізгі құрал-жабдықтарды және материалдық емес активтерді - өлшеу аспаптарын, желілік және стансалық құрылғылар, дизель-генераторлар, станциялық аккумуляторлар , электр қорегін беретін қондырғылар, аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алуға бағытталады. Бұл жоба технологиялық сипатта және пайдаланылып отырған желілерді жұмысқа жарамды жағдайда ұстау үшін қажет. 2005-2007 жылдардағы капиталды салымдар - 10424 млн.теңге. Жобаның өтелім мерзімі - 84 ай. Қаржыландыру көзі - "Қазақтелеком" АҚ-тың өз қаражаты.

Ақпараттық технологияларды дамытуға және енгізуге 2005-2007 жылдардағы капиталды салымдар - 6257 млн.теңге болады. Жобаның өтелім мерзімі - 48 ай. Қаржыландыру көзі - "Қазақтелеком" АҚ-тың өз қаражаты.

"Басқа ұзақ мерзімдік активтерді сатып алу немесе құрылысын салу" жобасы жаңғырту және дамыту нысандары үшін инфрақұрылымдар жасауға бағытталған:

технологиялық ғимараттар құрылысын салу, техникалық тораптарды, деректер беру аппаратурасын, кәбіл учаскелерін орналастыру, телекоммуникация объектілерінің құрылысын салуға жер сатып алу не жер асты желісі құрылыстарын салу кезеңіне жер бөліп алу. Ұзақ мерзімдік активтерді сатып алуға немесе құрылысын салуға капиталды салымдар 2005-2007 жылдары 7922 млн. теңге болады. Жобаның өтелім мерзімі - 130 ай. Қаржыландыру көзі - "Қазақтелеком" АҚ-тың өз қаражаты.

"Өтелімділігі тез коммерциялық жобалар" жобасы біріктірілген телекоммуникация желілерін (цифрлық арналарды жалдаумен қатар телефония қызметтерін көрсету) құруға қызмет көрсету үшін корпоративтік клиенттердің сұранысын қанағаттандыруға шұғыл әрекеттену үшін резерв құруға немесе бизнесті нәтижелі жүргізуге (IDSN, аудиомәтін, Call-Center, Free-Phone, теледауыс беру, ақылы ақпараттық қызмет көрсетулер, алдын ала төлем жасалған есеп айырысу және кредит карталарымен шақырулар) қажетті жоғары технологиялық байланыс қызметінің толық кешенін қамтамасыз етуге бағытталған. Өтелімділігі тез коммерциялық жобаларға 2005-2007 жылдардағы капиталды салымдар 750 млн. теңге болады. Жобаның өтелім мерзімі - 10 ай. Қаржыландыру көзі - өз қаражаты.

Болжанып отырған инвестициялық бағдарлама көлемі 2005-2007 жылдары 81136 млн. теңгені құрайды. "Қазақтелеком" АҚ өзінің және алынған қарыз қаражаттары есебінен инвестициялық жобаларды қаржыландыруға қатысты саясатты сақтауға ұйғарым жасауда. Кредит берушінің беделі, қаржыландыру құны мен мерзімі, экспорттық-кредиттік агенттіктердің сақтандыруды пайдалану мүмкіндігі заемдық капиталды тарту кезіндегі негізгі факторлардың бірі болып табылады.

Инвестициялық жобалар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында іске асырылатын болады. Тауарлық кредиттерді тарту жабдықтар мен көрсетілетін қызметтерді жеткізушілерді таңдау бойынша өткізілетін конкурстардың (тендерлердің) нәтижелері негізінде жүргізіледі. Мұндағы негізгі сипаттамалар таза ақша ағынына баға беру, сыйлықақының нақты және тиімді ставкасы бойынша қаржыландырылу құны, қамтамасыз ету нысаны болып табылады. Қалыптасқан іс-тәжірибеге сәйкес, айналымдағы капиталды толықтыру үшін кредиттік қаражат тарту, жаңартылатын (жаңартпалы) кредит шеңберінде кредит беруге жасалған келісімдер шегінде жүргізіледі. Банк кредиттерін жабу мерзімі, әдетте, өте қысқа (бір жылға дейін).

"Қазақтелеком" АҚ-тың алдағы кезеңдегі бүкіл қызметі ұлттық бәсекелестік қабілетті қамтамасыз етуге және Қазақстанның Оңтүстік-Шығыс Азия - Еуропа және Орталық Азия - Ресей бағыттарында айтарлықтай көлемде ақпарат ағымдарын қамтамасыз ету бойынша халықаралық транзит торабы ретінде қалыптасуына бағытталатын болады. "Қазақтелеком" АҚ өз мақсатын озық технологиялар мен бірыңғай техникалық және ұйымдық идеология негізінде жұмыс істейтін және дамитын, телекоммуникация қызметтерінің барлық түрлерін, оның ішінде бұларға жүктелген міндеттерді бейбіт және соғыс уақытында, төтенше жағдайлар туындаған және ерекше

маңызды жұмыстар мен іс-шараларды жүргізген кезде шешу үшін мемлекеттік басқару, қорғаныс, қауіпсіздік және құқық қорғау органдарының мүдделерінде дамытуға мүмкіндік беретін қуатты базаны құру деп түсінеді.

3-бөлім. "Қазақтелеком" АҚ 2005-2007 жылдарға арналған аса маңызды көрсеткіштерінің болжамы

1-нысаны

P/c N	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2003 ж. есеп	2004 бағалау аудитке дейін нақтыланған	2004 ж. % 2003 ж.	2005 ж. болжам
1.	Шығарылған өнім (жұмыс, қызмет көрсету) көлемі	мың. теңге	65880642	79886640	121,3	79395086
	оның ішінде					
2.	Жергілікті байланыс					
	- кірістер	мың. теңге	11731511	13710507	116,9	18887764
	- НТА саны	бірлік	2228246	2373728	106,5	2499607
3.	Қалааралық, халықаралық байланыс					
	- кірістер	мың. теңге	41086324	46636210	113,5	40991737
	- трафик	мин.	1545478	1841709	119,2	1796745
	Деректер беру желілері қызметінен кірістер	мың. теңге	2667083	4206528	157,7	4916490
	Басқа кірістер	мың. теңге	10395724	15333395	147,5	14599095
4.	Қаржыландырудың барлық көздерінің есебінен негізгі капиталға инвестиция - барлығы:	мың. теңге	19087662	16894705	88,5	30712123
	заемдық қаражат есебінен	"	10247318	4934814	48,2	21857568
	мемлекеттік бюджет есебінен	"	-	-	-	-
	өз қаражаты есебінен	"	8840344	11959891	135,3	8854555
5.	Негізгі және негізгі емес		78657260	95318996	121,2	92667805

	қызметтен кірістер, барлығы	мың. теңге				
6.	Негізгі және негізгі емес қызметтен шығыстар, барлығы	"	55044196	60699698	110,3	64171169
7.	Негізгі қызметтен кірістер	"	65880642	79886640	121,3	79395086
8.	Өткізілген дайын өнімнің (тауарлардың, жұмыстың, көрсетілген қызметтердің) өзіндік құны:	"	37940746	45464859	119,8	49759209
9.	Жалпы кіріс	"	27939896	34421781	123,2	29635877
10.	Кезең шығыстары, барлығы	"	11670069	13155270	112,7	14060628
10.1	жалпы және әкімшілік шығыстар	"	9318445	11038024	118,5	11643499
10.2	Өткізілген дайын өнімнің (тауарлардың, жұмыстың, қызмет көрсетудің) шығыстары:	"	739190	994226	134,5	1347832
10.3	сыйақы түріндегі шығыстар	"	1612434	1123020	69,6	1069297
11.	Салық салынғанға дейінгі кіріс	"	23613064	34619298	146,6	28496636
12.	Корпоративтік табыс салығы	"	5785785	7528609	130,1	4345706
13.	таза кіріс	"	17827279	27086664	151,9	24150930
14.	Өткен жылдың қорытындысы бойынша жай акцияларға дивидендтер, барлығы	мың. теңге	3240052	3438530	106,1	5296375
14.1	оның ішінде мемлекеттік акциялар пакетіне	"	1800029	1910103	106,1	2942136
15.	Пайдадан аударымдар нормативтері*	%				
16.	қызмет тиімділігі	%	27,1	33,9		30,4

17.	Материалдық емес активтер мен негізгі қаражат амортизациясына шығыстар	мың. теңге	8072372	9250917	114,6	10352254
18.	Компания қызметкерлерінің саны, барлығы	адам	33006	33220	100,6	32720
18.1	Орталық аппарат қызметкерлерінің саны	"	572	607	106,1	580
19	Жалақы қоры	мың. теңге	14716117	17200981	116,9	18020800
20	Компания бойынша тұтас алғанда орташа айлық жалақы	теңге	35637	43149	121,1	47852
	оның ішінде орталық аппарат қызметкерлері	теңге	156363	171846	109,9	192805
21	Тарифтердің өсімі (+)/ төмендеуі (-) (желтоқсан өткен жылдың желтоқсанына қарағанда)					
	халықаралық байланыс	%		-20		-20
	қалааралық байланыс	%				
	жергілікті байланыс:					
	қала					
	жеке тұлғалар	%		20		
	заңды тұлғалар	%				
	село	%				
22	Несиегерлік бешек, барлығы	мың. теңге	43826961	40653751	92,8	42371630
23	Дебиторлық бешек, барлығы	мың. теңге	14510628	17960902	123,8	16977463

кестенің жалғасы

Р/с N	Көрсеткіштер	2006 ж. болжам	2007 ж. болжам	2007 ж. % 2003 ж.	2007 ж. % 2004 ж.

1.	Шығарылған өнім (жұмыс, қызмет көрсету) көлемі	81665019	84080428	127,6	105,2
	оның ішінде				
2.	Жергілікті байланыс				
	- кірістер	19454397	20038029	170,8	146,2
	- НТА саны	2599607	2674607	120,0	112,7
3.	Қалааралық, халықаралық байланыс				
	- кірістер	41811572	42647803	103,8	91,4
	- трафик	1832680	1869334	121,0	101,5
	Деректер беру желілері қызметінен кірістер	5653964	6502059	243,8	154,6
	Басқа кірістер	14745086	14892537	143,3	97,1
4.	Қаржыландырудың барлық көздерінің есебінен негізгі капиталға инвестиция - барлығы:	26661000	23763000	124,5	140,7
	заемдық қаражат есебінен	16518060	11651797	113,7	236,1
	мемлекеттік бюджет есебінен	-	-		
	өз қаражаты есебінен	10142940	12111203	137,0	101,3
5.	Негізгі және негізгі емес қызметтен кірістер, барлығы	94937738	97353147	123,8	102,1
6.	Негізгі және негізгі емес қызметтен шығыстар, барлығы	63647910	63324992	115,0	104,3
7.	Негізгі қызметтен кірістер	81665019	84080428	127,6	105,2
8.	Өткізілген дайын өнімнің (тауарлардың, жұмыстың, көрсетілген қызметтердің) өзіндік құны:	50256801	50859883	134,1	111,9
9.	Жалпы кіріс	31408218	33220545	118,9	96,5

10.	Кезең шығыстары, барлығы	13039777	12113777	103,8	92,1
10.1	жалпы және әкімшілік шығыстар	10595584	9641981	103,5	87,4
10.2	Өткізілген дайын өнімнің (тауарлардың, жұмыстың, қызмет көрсетудің) шығыстары:	1374789	1402285	189,7	141,0
10.3	сыйақы түріндегі шығыстар	1069404	1069511	66,3	95,2
11.	Салық салынғанға дейінгі кіріс	31289828	34028155	144,1	98,3
12.	Корпоративтік табыс салығы	6437660	7067476	122,2	93,9
13.	таза кіріс	24852168	26960679	151,2	99,5
14.	Өткен жылдың қорытындысы бойынша жай акцияларға дивидендтер, барлығы	4709228	4849476	149,7	141,0
14.1	оның ішінде мемлекеттік акциялар пакетіне	2615976	2693884	149,7	141,0
15.	Пайдадан аударымдар нормативтері*				
16.	қызмет тиімділігі	30,4	32,1		
17.	Материалдық емес активтер мен негізгі қаражат амортизациясына шығыстар	11352254	12352254	153,0	133,5
18.	Компания қызметкерлерінің саны, барлығы	32220	31720	96,1	95,5
18.1	Орталық аппарат қызметкерлерінің саны	550	520	90,9	85,7
19	Жалақы қоры	18020800	18020800	122,5	104,8
20	Компания бойынша тұтас	50987	54563		126,5

	алғанда орташа айлық жалақы			153,1	
	оның ішінде орталық аппарат қызметкерлері	203321	215051	137,5	125,1
21	Тарифтердің өсімі (+)/ төмендеуі (-) (желтоқсан өткен жылдың желтоқсанына қарағанда)				
	халықаралық байланыс	байланыс қызметі рыногының жағдаятын ескере отырып			
	калааралық байланыс				
	жергілікті байланыс:				
	қала				
	жеке тұлғалар				
	заңды тұлғалар				
	село				
22	Несиегерлік бе-решек, барлығы	40257160	32 740 085	74,70	80,5
23	Дебиторлық бе-решек, барлығы	17388267	17474004	120,42	97,3

*- РМК үшін

"Қазақтелеком" АҚ

2004 жылға арналған табыстар мен шығыстар болжамы

2 - н ы с а н ы

мың теңге

Р/т N	Көрсеткіштер атауы	2003 ж. есеп	2004 бағалау аудитке дейін нақты- ланған	2005 ж. (болжам)	
				1 тоқсан	1 жарты жылдық
А	Б	1	2	3	4
1	Негізгі қызметтен табыс	65880642	79886640	18853573	38540534
2	Өткізілген дайын өнімнің (тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілеген қызметтердің) өзіндік құны	37940746	45464859	11666209	24504401
3	Жалпы кіріс (1 жол - 2 жол)	27939896	34421781	7187364	14036133

4	Кезең шығыстары, оның ішінде	11670069	13155270	3120052	7283788
4.1.	жалпы және әкім-шілік шығыстары	9318445	11038024	2598784	6163081
4.2.	дайын өнімді (тауарларды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша шығыстар	739190	994226	254412	578051
4.3.	сыйақы түріндегі шығыстар	1612434	1123020	266856	542656
5	Негізгі қызметтен кіріс (залал) (3 жол - 4 жол)	16269827	21266511	4067312	6752345
6	Негізгі емес қызметтен кіріс (залал)	7343237	13352787	3228008	6457978
7	Салық салуға дейінгі негізгі қызметтен кіріс (залал) (5 жол +(-) 6 жол)	23613064	34619298	7295320	13210323
8	Корпоративтік табыс салығы	5785785	7528609	953038	1991425
9	Салық салудан кейін жай қызметтен кіріс (залал) (7 жол - 8 жол)	17827279	27090689	6342282	11218898
10	Төтенше жағдайлардан және тоқтатылған операциялардан кірістер (залалдар)		-4025		
11	Таза табыс (залал) (9 жол +(-) 10 жол)	17827279	27086664	6342282	11218898

*- РМК үшін

кестенің жалғасы

Р/Т N	2005 ж. (болжам)		2003 ж. %	2004 ж. %
	9 ай	жыл		
A	5	6	7	8
1	58821648	79395086	121,3	99,4
2	37300875	49759209	119,8	109,4
3	21520773	29635877	123,2	86,1
4	10729892	14060628	112,7	106,9
4.1.	8905160	11643499	118,5	105,5

4.2.	1014982	1347832	134,5	135,6
4.3.	809750	1069297	69,6	95,2
5	10790881	15575249	130,7	73,2
6	9686755	12921387	181,8	96,8
7	20477636	28496636	146,6	82,3
8	3064091	4345706	130,1	
9	17413545	24150930	152,0	89,1
10				
11	17413545	24150930	151,9	89,2

"Қазақтелеком" АҚ ақша ағымдары қозғалысының болжамы

3 - н ы с а н ы

мың теңге

№N	Көрсеткіштің атауы	2003 ж.	2004 ж.	2005 ж. (болжам)	
		есеп	болжам	1 тоқсан	1 жарты жылдық
		Б	2	3	4
I	Операциялық қызметтен ақша қаражаттарының қозғалысы				
I.1	Ақшаның қаражаттарының түсуі:	63515990	73835975	17317475	35744630
1.1.	дайын өнімді (жұмыстарды, көрсетлетін қызметтерді) өткізуден табыс	60903860	69631567	16508525	34027691
1.2.	алынған аванстар	1290662	2794968	513050	1068789
1.3.	сыйлықақы	84467	122435	20900	60650
1.4.	дивидендтер				
1.5.	роялти				
1.6.	өзге де түсімдер	1237001	1287005	275000	587500
I.2	Ақша қаражаттарының кетуі:	42562684	52891826	12107733	27020255
2.1.	жеткізушілер мен мердігерлердің шоттары бойынша	8297735	11670088	2585070	7312225
2.2.	берілген аванстар	958417	931727	207018	662458
2.3.	жалақы бойынша	11925495	14391291	3425954	6983899
2.4.	салықтар бойынша	15492086	19272941	4214185	8603676
2.5.	әлеуметтік сақтандыруға және	1310407	1693311		792229

	зейнетақымен қамтамасыз етуге ақша аудару			351855	
2.6.	сыйлықақы төлемдері	1736930	1295794	634417	1161986
2.7.	өзге де төлемдер	2841614	3636677	689234	1503782
I.3	Операциялық қызмет нәтижесінде ақша қаражаттарының ұлғаюы (+)/ кемуі (-)	20953306	20944149	5209742	8724375
II	Инвестициялық қызметтен ақша қаражаттарының қозғалысы				
II.1	Ақша қаражаттарының түсуі:	151225	1344864	20000	40000
1.1.	материалдық емес активтерді сатудан табыс				
1.2.	негізгі құралдарды сатудан табыс	105520	14815	20000	40000
1.3.	басқа да ұзақ мерзімді активтерді сатудан табыс				
1.4.	қаржы инвестицияларын сатудан табыс	45705			
1.5.	басқа заңды тұлғаларға берілген несиелерді алу-дан табыс				
1.6.	өзге де түсімдер		1330049		
II.2	Ақша қаражаттарының кетуі:	15114190	17964872	3652073	7262564
2.1.	материалдық емес активтерді сатып алу	99701	401791	44000	94000
2.2.	негізгі құралдарды сатып алу	11117395	14877364	3571156	6603671
2.3.	басқа да ұзақ мерзімді активтерді сатып алу	1594154	2128321		
2.4.	қаржы инвестицияларын сатып алу	1309783	5050		400000

2.5.	басқа заңды тұлғаларға несиелер беру				
2.6.	өзге де төлемдер	973157	552346	36917	164893
II.3	Инвестициялық қызмет нәтижесінде ақша қаражаттарының ұлғаюы (+)/ кемуі (-)	-14962965	-16620008	-3632073	-7222564
III	Қаржы қызметінен ақша қаражатының қозғалысы				
III.1	Ақша қаражаттарының түсуі:	34919076	15253337	1000000	1000000
1.1.	акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды шығарудан				
1.2.	банк несиелерін алу	34919076	15253337	1000000	1000000
1.3.	өзге де түсімдер				
III.2	Ақша қаражаттарының кетуі	40458576	19276323	2508486	2573486
2.1.	банк несиелерін өтеу	34008544	14065232	2323486	2323486
2.2.	өз акцияларын сатып алу				
2.3.	дивидендтерді төлеу	2825566	3309456	135000	150000
2.4.	өзге де төлемдер	3624466	1901635	50000	100000
III.3	Қаржы қызметінің нәтижесінде ақшаның ұлғаюы (+)/ кемуі (-)	-5539500	-4022986	-1508486	-1573486
	ЖИЫНЫ: Ақша қаражатының ұлғаюы (+)/ азаюы (-)	450841	301155	69183	-71675
	Есеп беру кезеңі басындағы ақша қаражаты	1793741	2244582	2545737	2614920
	Есеп беру кезеңі аяғындағы ақша қаражаты	2244582	2545737	2614920	2543245

кестенің жалғасы

№N	Көрсеткіштің атауы	2005 ж. (болжам)		2003 ж.	2004 ж.
		9 ай	жыл	% 2004 ж.	% 2005 ж.
	Б	5	6	7	8

I	Операциялық қызметтен ақша қаражаттарының қозғалысы				
I.1	Ақшаның қаражаттарының түсуі:	55678463	73216395	116,2	99,2
1.1.	дайын өнімді (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден табыс	53246856	69286395	114,3	99,5
1.2.	алынған аванстар	1438757	2500000	216,6	89,4
1.3.	сыйлықақы	80350	130000	145,0	106,2
1.4.	дивидендтер				
